М. Гурсой
Б.С. Сыздықов
С.С. Мургабаев
А.А. Ержігітова

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.194.202

Музаффер Гурсой[1], muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz,
Бағдаулет Сапарбайұлы Сыздықов[1], bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz,
Сағынбай Серікбайұлы Мургабаев[1], sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz,
Айсұлу Асқарқызы Ержігітова[1], aisulu6767@mail.ru
[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу
институты, Түркістан, Қазақстан

Қаңлылардың ата-баба культі және культтік орындары*

Қаратаудың оңтүстігінде қаңлы кезеңінің обалары айтарлықтай зерттелген. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялар жарияланған. Бұл еңбектерде қаңлылардың жерлеу дәстүрі, материалдық мәдениеті және дүниетанымы жайында ақпараттар келтірілгенмен ата – баба культі атқарылатын орындарды айқындау мәселесі назардан тыс қалған. Дегенмен қай кезеңде болмасын адам баласы өлім бар жерде жерлеуге дейін, жерлеу кезінде және жерлегеннен кейін де жоралғылар атқарғандығын әсте естен шығармаған жөн. Мақаланың мақсаты археологиялық деректер арқылы қаңлылардың ата-баба аруағына арналған культтік орындарын болжамды түрде айқындау болып табылады. Нәтиже ретінде катакомбалық қабірлердің әр кезде кіріп шығуға ыңғайлы екендігі ескеріле келе, катакомбалардың жерлеу орнынан бөлек культтік нысан қызметін атқарғандығы болжамды түрде тұжырымдалған.

Түйін сөздер: Келес ауданы, Арыс өзені, қаңлы кезеңі, ата-баба культі, қорым, оба, катакомба

Музаффер Гурсой[1],
Бағдаулет Сапарбаевич Сиздиков[1],
Сағынбай Серикбаевич Мургабаев[1],
Айсұлу Аскаровна Ержигитова[1]
[1]Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжа Ахмеда Ясави,
научно-исследовательского института археологии,
Туркестан, Казахстан

Культ предков и культовые места племен канглы

На юге Каратау довольно хорошо изучены курганы канглинского периода. Результаты исследований введены в научный оборот, опубликовано множество научных статей и монографий. В этих работах приводятся сведения о погребальной традиции, материальной культуре и мировоззрении представителей племени канглы, но не освещается вопрос о местах отправления культовых обрядов. Не следует забывать, что во все времена перед погребением, во время погребения и после погребения совершаются определенные обряды. Цель статьи – определить по археологическим данным культовые места, посвященные духам предков племени канглы. В статье высказывается предположение о том, что катакомбы являются не только местом захоронения, но и культовым объектом.

Ключевые слова: Келесский район, река Арысь, канглинский период, культ предков, могильник, курган, катакомбы

© 2023 ж. Гурсой М., Б.С. Сыздықов, С.С. Мургабаев, А.А. Ержігітова
** Мақала жеке тіркеу нөмірі AP13068455 болатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын ғылыми жоба негізінде дайындалды.*

Muzaffer Gursoy[1],
Bagdaulet Sizdikov[1],
Sagynbay Murgabayev[1],
Aisulu Yerzhigitova[1]
[1]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Research Institute of Archaeology,
Turkistan, Kazakhstan

Cult of ancestors and places of worship of the Kangly tribes

In the south of Karatau, the mounds of the Kanglin period are quite well studied. The research results have been introduced into scientific circulation, many scientific articles and monographs have been published. These works provide information about the funeral tradition, material culture and worldview of the representatives of the Kangly tribe, but do not cover the issue of places of worship. It should not be forgotten that at all times, before burial, during burial and after burial, certain rituals are performed. The purpose of the article is to determine, according to archaeological data, cult places dedicated to the spirits of the ancestors of the Kangly people. As a result, taking into account that the catacomb graves are convenient for entry and exit, it is suggested that the catacombs are not only a burial place, but also served as a cult object.

Keywords: Keles region, Arys river, Kanglin period, ancestral cult, burial ground, mound, catacombs

Кіріспе. Культ термині латынның «cultus» күтім, құрметтеу деген сөзінен шыққан. Культ – ғибадат етуде ерекше күшке сену бағытында жасалатын, қимыл, әдет–ғұрып, салт-жоралар жиынтығы. Культтің негізгі түрлеріне ошақ культі, от культі, су культі, ата – баба (аруақ) культі және т.б. жатады. Культтік жоралғылар, түрлеріне қарай ғибадатханаларда, үйлерде, үңгірлерде, судың жағасында, қорымдарда, арнайы үйінділердің маңында және т.б. жерлерде атқарылады [Самашев 2007]. Әр бір культ өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

XX ғ. бірінші жартысынан бастап Қаратаудың оңтүстігінде Б. Нұрмұханбетов, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, А.Г. Максимова және т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізіп, қаңлы кезеңіне жататын көптеген обаларды қазған. Кейінгі жылдары К. Байпақов, Е. Смағұлов, А. Ержігітова [Байпаков и др. 2005], А. Подушкин [Подушкин 2000] сынды ғалымдар Арыс өзені жағасында орналасқан қаңлы обаларын зерттеп, алынған деректер негізінде көптеген ғылыми еңбектер жариялаған. Бұл еңбектерде қаңлылардың жерлеу дәстүрі, материалдық мәдениеті және қабір құрылымы жайында құнды мәліметтер берілген.

Жерлеу дәстүрі мен ата-баба культінің етене байланысты болғанымен бұрынғы зерттеулерде культ мәселесі назардан тыс қалған. Сондықтан бұл мақалада: «қаңлылар ата-баба аруағы үшін культтік шара атқарды ма, атқарған болса аталған шара қай жерде атқарылды», – деген сұрақтарға болжамды түрде жауап іздеу мақсат етілді.

Мақала: әлемдік өркениеттердегі ата – баба культі және қаңлылардың ата-баба культі және культтік орындары деген екі бөлімнен тұрады. Екінші бөлімде қаңлы кезеңінің қорымдарында культтік нысан ретінде сипаттауға келетін үйілген тас немесе арнайы бір құрылыстың жоқ екендігі айтыла келе катакомбалық қабірлердің жерлеу орнынан бөлек культтік нысан қызметін атқарғандығы археологиялық деректер негізінде тілге тиек етілген. Келес өзені мен Арыс өзені жағасында зерттелген қаңлы кезеңінің обалары негізінде жазылған.

1. Әлемдік өркениеттердегі ата – баба культі

Адам баласы ежелгі кезден бастап рухтардың қабірден шығып өздеріне көмек көрсететіндігіне сенген немесе керісінше зиянын тигізеді деп қорыққан. Осындай дүниетанымдар қорымдардың маңына құрбандық шалынатын орындар мен ғибадатханалардың салынуына, ғұрыптық жоралғылар атқарылуына негіз болып «ата-баба» культін қалыптастырған [Akyurt 1998: 154]. Тарихқа дейінгі кезеңдерден бастап осы күнге дейін әлемнің барлық жерінде кездесетін ата-баба культі, Орта Азия және Қазақстан аймағында өмір сүрген халықтар үшін де айтарлықтай маңызға ие болған. Ата-баба культінің тарихи даму үдерісі қайтыс болғандарды жерлеу және рухтарды «құдай дережесіне» көтеру түсініктерінің пайда болу кезеңдерінен тұрса керек.

Қайтыс болу және оларды жерлеу түсінігі ең алғаш палеолит кезеңінде өмір сүрген неандертальдықтардың санасында қалыптаса бастаған.

Мұны Загрос тауы Шанидар үңгірінде анықталған және ғалымдар тарапынан неандертальдарға тиесілі деп табылған жерлеулер дәлелдейді. Бұл жерде 1957 жылы Ральф Стефан Солецки қазба жұмыстарын жүргізіп Мустье кезеңінің B7 шаршысынан ересек адамның қаңқасын анықтаған. Бұл адам сол жанымен жатқызылып оң жақ қолы мен аяғы бүгілген қалыпта орналастырылған. Ғалымдар қаңқаның жанындағы топыраққа талдау жасаған кезде құрамынан гүлдің тозаңын анықтаған. Сонымен қатар бұл гүлдерді түрлі аймақтан алып келгендігі және осымен мәйіттің үстін жапқандығы белгілі болған. Бұл жағдай алғашқы адамдардың өлімге байланысты ұстанымын немесе ғұрыптық іс-әрекеттерін көрсетсе керек. Бұдан басқа неандерталь адамының қаңқа сүйектері Франциядағы Ле-Шаппель-о-Сен, Ле-Мустье, Ле-Ферасси, Өзбекстандағы Тешик-Таш, Палестинаның солтүстігіндегі Кебара үңгірі, Харватиядағы Крапина маңындағы үңгір және Партугалиядағы Лейриада табылған. Сонымен қатар Ресейдегі Клязьма өзенінің маңында орналасқан Сүңгір тұрағынан о дүниелік заттарымен бірге адам қаңқасы анықталған. Радиокөміртектік талдаулар нәтижесінде бұл жерлеудің б.д.д. 28–30 мың жылы жүзеге асырылғандығы белгілі болған [Акçау 2017: 7–9]. Кітаптарда неандерталдарға тиесілі қаңқа сүйектері жайында мәлімет кездескенмен, жерлегеннен кейін атқарылған іс-әрекеттері жөнінде мәлімет кездеспейді. Дегенмен өлім болған жерде жерлеуге дейін, жерлеу кезінде және жерлегеннен кейін аруақтар үшін іс-әрекеттер атқарылған болу керек. Ғалымдардың бірқатары ата – баба культінің пайда болуын мезолит кезеңінен бастағысы келеді. Оған Палестина мен Иерусалим аймағындағы натуф мәдениетіне тиесілі Хилазон Таштит үңгірінде анықталған жоралғылардың іздерін дәлел ретінде алға тартады. Бұл үңгірде бір жерлеу орны және оның айналасынан көптеген жан-жануарлардың (сиыр, бұқа) сүйектері табылған. Зерттеушілер бұл сүйектерді өлгенді еске алу ғұрпымен байланыстыра келе бұлар ата – баба культінің ең алғашқы белгілері болу керек деген болжам жасайды [Акçау 2017: 7–9].

Жерорта теңізі жағалауында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар бұл өңірдің неолит дәуірін саз-ыдыссыз неолит (б.д.д. 11000 – 7000), саз-ыдысты неолит (б.д.д. 7000 – 5000) деп бөліп қарастырады. Бұл дәуірдегі отырықшы өмір мен ұжымдық еңбек бөлінісі адамдардың сапалы өмір сүруіне, өлім-жітімнің азаюына және адам санының артуына себеп болған. Адам санының өсуі қоғамда жеке меншік сезімінің оянуына жол ашқан. Ғалымдар арасында осыдан кейін ата-баба культі қалыптасқан деген пікірлер бар. Түркия, Паластина, Сирия және Израильдегі неолит дәуіріне жататын тұрғын үйлердің еденінің асты мен культтік нысандардан беті гипспен сыланған адамның бас сүйектері табылған. Кейбір зерттеушілер «бұл бас сүйектерге кейінгі ұрпақтары құрмет көрсеткен, сондықтан ата-баба культімен байланысты болу керек», – деген болжам жасаған [Bonogofsky 2018: 29].

Жоғарыдағы діни әрекеттерге ұқсас келетін белгілер Қазақстандағы Ботай тұрағынан кездескен. Бұл тұрақты В.Ф. Зайберт б.д.д. III – II мың-жылдықтармен мерзімдеп, ғылыми айналымға Ботай мәдениеті деп енгізген. Бұл жерден бір-біріне жапсарласа салынған жертөле түріндегі қоныс жайлар табылған. Үйлер тереңдігі 1 м, көлемі 20 шаршы метрден 70 м-ге дейін жететін, 4 немесе 8 бұрыш түрінде жасалған. Төбесі бағандар арқылы күмбезделіп, бұтақ және шым қабатымен жабылған. Ортасына түтін шығатын тесік қалдырылған. Қоныстан зубрдың, турдың, бұланның, еліктің, аюдың, иттің, түлкінің, қасқырдың, түйенің, құндыздың, суырдың, қоянның, қабанның, құстардың және ең маңыздысы 70 000 жылқының сүйегі табылған [Зайберт 1993: 196]. Зерттеушілер бұл сүйектерді негізге ала отырып жылқы ең алғаш осы жерде қолға үйретілген деген тұжырым жасаған. Бұл ақпараттардың барлығы Қазақстанның байырғы тұрғындарының тұрмысы, мәдениеті мен шаруашылығын түсінуімізге зор мүмкіндік береді. Бұдан бөлек осы жерден ботайлықтардың дүниетанымынан сыр шертетін деректер алынған. Тарқатып айтар болсақ тұрғын жайлардың көпшілігінен айналасы жылқының бас сүйегімен қоршалған жерлеу орындары анықталған. Ал, едендерінің астынан иттің сүйектері алынған. Ең маңыздысы бір тұрғын жайдың қабырғасындағы сөреден беті саз былшықпен сыланған адамның бас сүйегі табылған. В.В. Зайберт бұл деректерді ата-баба культінің белгісі ретінде қарастырған [Қозыбаев 1996: 95–99].

XX ғ. басында С.А. Теплоухов Сібір аймағында жетпістен астам обаларды қазып, қабірлердің ерекшелігіне және табылған заттарына қарай

мерзімдеп, оларды Афанасев, Андрон, Қарасұқ, Тагар және Таштық мәдениеттеріне топтастырды. Б.д.д. II – б.д. IV ғасырына мерзімделетін Таштық мәдениетіне тиесілі обалардан теріден жасалған адам мүсіндері мен бетіне гипстен жасалған маскалар тағылған қаңқалар табылған. С.В. Кисилев XX ғ. екінші жартысында маскалардың семантикасына байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол Таштықтағы маскаларды Ежелгі Рим аймағындағылармен салыстыра келе ата-баба культімен байланыстырған [Корнеева 2009: 96].

Б.д.д. II мыңжылдықта Сібір, Жайық, Қазақстан және Орта Азия даласында өмір сүрген тайпалар қола дәуіріне қадам басты. Осы кезеңдегі тайпалар руда өндіру ісін меңгеріп, мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығымен айналысқан. Андроновтықтардың тұрмысы мен дүниетанымы табиғатпен тығыз байланыста дамыды. Сондықтан күнді, отты, жануарлар мен өсімдіктерді табиғаттың құдіретті күштері деп білді. Ғалымдар қола дәуіріндегі тайпалардың отқа табынғандығын атап өткен. Бұған дәлел ретінде өртенген мәйіттерді көрсеткен. Осы кездегі адамдардың санасында от денені жамандықтардан тазартады және өлген адамды зұлым рухтардан қорғайды деген түсінік болған. Сонымен қатар ата-бабалардың аруағына сиыну және о дүниеге сену кеңінен тарады. Тарқатып айтар болсақ бабалардың аруағы желеп-жебейді, ол көмектеседі және қомқор болып қорғайды деп сенген. Бір жағынан аруақтардан қорқатын да еді. Сондықтан өлген адамдарды о дүниелік астарымен және керек жарақтарымен бірге жерлеген. Оларға арнап үйге ұқсас бейіт тұрғызған. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін аруақтар үшін тамақ дайындап тас жәшіктердің жанына немесе оба үйіндісіне көмген. Археологтар қорымдардан оңаша жерлерде жүргізген зерттеу жұмыстары барысында шомбал тастардан жасалған құрбан шалатын орындарды тапқан. Боқсайдағы (Атасу өзені) құрбан шалатын орындардан көмір мен күлдің қалың қабаты және қалыңдығы 40 см келетін органикалық қалдықтар табылған. Сірә бұл сүттен жасалған тағамдардың қалдығы болса керек [Қозыбаев 1996: 116]. Табылған заттай деректердің барлығы Андронов тайпаларында ата-баба культінің болғандығын дәлелдейді.

Ерте темір дәуірінде өмір сүрген сақ тайпалары да ата-бабаларының рухына тағзым етіп құрмет көрсеткен. Бұл мәселеге антикалық деректер мен археологиялық мәліметтер айғақ бола алады. Геродоттың дерегі бойынша парсы патшасы Дарий сақтардың еліне басып кіреді. Осы кезде сақтар күн ілгері жасаған тактикалық жоспарына сай Дарийдің әскерімен соғысудың орнына кері шегінеді. Дарий сақтардың соңына түсіп қуғанын қоймайды. Ал, сақтар парсыларды өздеріне жақындатпастан кері шегініп отырады. Соғыс осылай ұзаққа созылатынын сезген Дарий сақтардың патшасы Иданфирске өзінің елшісі арқылы, «қашқаныңды қойып ашықтан-ашық шайқасқа шық. Егер өзіңді шайқасуға шамам жоқ әлжуаз сорлымын деп мойындасаң, онда өзіңнің билеушіңе, яғни маған, жерің мен суыңды сыйға тартып, бас иіп кел де, менімен келіссөз жүргіз» деген хабарлама жеткізеді. Оның бұл сөздеріне сақтардың патшасы Иданфирс былай деп жауап қайтарады: «Ей патша! Мен осы кезге дейін ешкімнен қорқып қашқан емеспін. Қазірде сенен қашып жүрген жоқпын. Біз өзіміздің күнделікті дәстүрлі өмір сүру салтымыз бойынша ел кезіп, жер көріп жүрміз. Ал, сенімен кезіккен бойда шайқасқа неге шықпаған себебімізді де айтайын. Біздің қаламыз не болмаса егістік алқабымыз жоқ. Сондықтан сендермен шайқасқа шығып, босқа әуре болуды қажет деп таппадық. Ал, егер сендер біздермен соғысуға құмартып тұрсаңдар, онда сендер біздің ата-бабаларымыздың осы даладағы қорымдарын тауып, тым болмаса біреуін қиратып көріңдер. Сонда сендерге шайқастың қандай екенін көрсетіміз.....» [Гаркавец 2007: 101–102]. Келтірілген мәліметтерден сақтар үшін қорымның қаншалықты киелі екендігі, оны жоғары деңгейде қастерлеп құрметтейтіндігі байқалады.

Сақтарда ата-баба культі болғанын археологиялық деректер де дәлелдейді. Бұған Іле өзенінің оң жағасында орналасқан Бесшатыр қорымы маңындағы қоршаулар мысал бола алады. Қазылған қоршаулардың көпшілігінен күл, сүйектердің қалдығы, керамиканың сынықтары мен моншақтар табылған. Археологтар бұл қоршауларды отқа табыну орны және құрбан шалынтын ғұрыптық нысан ретінде топшылаған. Жалпы Бесшатыр кешені Іле өзені аңғарында мекендеген сақтардың киелі орны болуы мүмкін. Археологиялық деректерге қарағанда сақтар бұл қорымды ұзақ жылдар бойы қолданғандығы, көптеген құрбандықтар шалып, аруақтарға бата жасап, әр түрлі діни жоралғылар атқарғандығы байқалады. Қорым аумағында тұрған

менгірлер мен қойтастардың өзі бұл жерде діни жоралғылардың атқарылғандығына куәлік етеді [Қозыбаев 1996: 166–169].

Ерте темір дәуірінде Арал – Каспий маңын мекендеген тайпалардың (дах, массагет, сармат) діни идеологиясында табиғаттың жаңару қасиеті туралы түсінікпен ата-бабаға табыну сынды сенімдер орын алған. Сондықтан қорым орналасқан аймақ киелі деп табылып, артта қалған ұрпақтары табынатын, белгілі уақыттарда ас беріп, еске алу рәсімін атқаратын орын қалыптастырған. Мысалға, Маңғыстау облысындағы Дықылтас жерлеу кешенін [Самашев, Ольховский 1996: 218] зерттеген кезде ата-баба культін айғақтайтын құнды деректер алынды. Бұл жерде шеңбер тәрізді алаңқайға тақта тастарды тігінен орналастыру арқылы (жәшік) лақат жасалған. Оба үйіндісінің етек жағы тақта тастармен немесе дөңгелек орлармен қоршалған. Обаның төңірегіне тас үйіндіден тұратын құрбандық орындары, менгірлер мен тас бағандар орнатылған. Дықылтастағы үш лақаттан отыз шақты адамның сүйегі анықталған. Бұл жағдайды жерлеу орнының ұзақ жылдар қолданылуымен түсіндіруге болады. Қазба кезінде қаңқа жанынан қару жарақтар, қыш ыдыстар, моншақтар, білезіктер, қола айналар және т.б. заттар табылған. Бұлар жерлеу орны иелерінің санасында о дүние түсінігі болғандығын нақтылайды [Қозыбаев 1996: 210]. Сонымен қатар Үстірт өңірінен Бәйте [Ольховский, Галкин 1990: 196], Қарамөңке және Терен [Самашев и др. 2007: 120] сияқты көптеген ғибадатханалар табылған. Тақта тастардан тұрғызылған бұл ғибадатханалардың маңынан жан-жағы ормен қоршалған қабырға түріндегі құрылыстар, түрі мен көлемі әр түрлі құрбан шалатын орындар, еске алу орындары, тас мүсіндер мен менгір – құлпытастар анықталған. Археологтар аталған ғибадатханаларды ата-бабаларға және ру басылар мен басшыларға табынудың маңызды көрсеткіші ретінде сипаттаған [Қозыбаев 1996: 210].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден ерте темір дәуіріне жататын қорымдардың аумағына аталар рухына тағзым етіп арнайы діни жоралғылар атқаратын орындар тұрғызылғандығы байқалады. Дегенмен осы кезеңге жататын немесе біздің жыл санауымыздың басымен мерзімделетін культтік нысандары жоқ қорымдарда кездеседі. Осы орайда ғалымдар «обалар тек жерлеу орны ғана емес, сонымен қатар ғұрыптық қызметі де болған» [Оңғарұлы 2010: 16] немесе катакомбалар ежелде діни жораларды өткізу мен мәйітті жерлеуге қолданылған қабір түрі [Біләлова, Ярыгин, Минарди, Бонораның 2014: 90] деген.

Бұл жерде айтқымыз келгені мұндай жағдайда обалардың құрылымдық ерекшелігін анықтап, әр бір бөлігіне аса мән беру керек. Мысалға, археологтар Шілікті жазығындағы (Шығыс Қазақстан) Бәйгетөбе обасынан бөренелерден салынған қабірхана мен осы қабірхананың құрамдас бөлігі болып табылатын бір үлкен және бір кіші дромос анықтаған болатын. Осыған байланысты зерттеушілер «негізгі қызметті кіші дромос (дәліз) атқарған. Жасырын жермен өлілер о дүниеде рахат көру үшін бұл дүниедегі тірілер, яғни тайпалас, рулас туысқандары қайтыс болғандарды еске алып олардың құрметіне ғұрыптық ас беріп, әр уақыт мінажат етіп, әрі ас-сумен қамтамасыз етіп отырған» деген пікір айтқан [Омаров 2010]. Келтірілген мәліметтерден кейбір обалардың мінажат ететін культтік нысан қызметін атқарғандығы да байқалады.

2. Қаңлылардың ата-баба культі және культтік орындары

Нығмет Мыңжан «Қазақтың қысқаша тарихы» атты кітабында қаңлылар мәселесіне тоқталған. Еңбекте қаңлылар жайындағы құнды деректердің қытай жазбаларында кездесетіндігі байқалады. Мысалға, Нығмет Мыңжан «Сұй патшалығы тарихы, батыс өңір шежіресі» 83-бөлімге сілтеме жасай отырып «Қаңлылар ата-бабаларының аруағына табынған. Қаңлы елінде ата-бабалар мазары бар, әр жылы маусым айында барлық иеліктен жиналып, ата – бабаларына ас береді» деп келтірген [Мыңжан 1994: 94]. Бұл мәліметке қарағанда қаңлы тайпаларының аруаққа табынып, ас беретін орны қорым екендігі аңғарылады. Дегенмен біздер барлау жүргізген қаңлы қорымдарында культтік мақсатта тұрғызылған арнайы бір нысан байқалмайды. Осы орайда археологиялық мәліметтер қаңлылардың катакомбалық қабірлерді тек жерлеу мақсатында қолданбағандығын, оны культтік мақсатта да қолданғандығын болжауға мүмкіндік береді. Тарқатып айтар болсақ, Келес және Арыс өзені жағасындағы катакомбалық алғашқы жерленген қаңқалардың қабірхананың бір бұрышына үйіліп, орнына жаңа жерлеулер жүзеге асырылғандығы байқалады. Бұл жағдай катакомбалық қабірлердің



1-сур. Мыңтөбе қорымы, 8-оба. Дромостан аршылған ірі қара малдың жақ сүйегінің қалдықтары
Fig. 1. Myntobe burial ground, kurgan nr. 8. Remains of cattle jaws identified in dromos
Рис. 1. Могильник Мынтобе, курган № 8. Остатки челюсти КРС, выявленные в дромосе

әр кездері қабірге кіріп қайтыс болғандарға ас суын беріп, олардан медет сұрауға ыңғайлы екендігін көрсетеді.

Біздер зерттеп жүрген Келес ауданындағы Мыңтөбе қорымынан әзірге культтік нысан ретінде тұрғызылған арнайы орын кездестірмедік. Дәл осындай жағдай Сырдарияның ортаңғы ағысындағы басқа қорымдарда да байқалады. Дегенмен Мыңтөбе қорымындағы № 3 обаны қазған кезде оңтүстік бұрыштағы қаңқаның орнынан жылжытылғандығы байқалды және қаңқалардың бас жағынан ішіне о дүниелік ас суы салынған саз ыдыстар анықталды [Жетібаев др. 2020: 417]. Сонымен қатар 2023 жылы қазылған №8 обадағы катакомбалық қабірдің дромосынан ірі қара малдың жақ сүйегінің бөліктері табылған болатын. Бұл сүйек аруаққа арнап берілген астың қалдығы болса керек (1-сур.).

Бөріжар қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар 27 катакомбадан in situ бір қаңқа және осы қаңқаның бас жағынан үйіліп жатқан адам сүйектерін тапқан (2-сур.) [Торгоев, Ержигитова 2020: 144]. Бұл қаңлы кезеңіне жататын катакомбалардың алғашқы жерлеуден кейінде туысқандары тарапынан қолданылғандығын көрсетеді. Жалпы катакомбалық қабірлердің құрылымы, бір бұрышқа жиналып тұрған сүйектер мен қаңқалардың жанынан табылған ыдыстар катакомбалық қабірлерге әр кездері рулас туысқандарының қайта түсіп өмірден озғандарды еске алғандығын, олардың құрметіне ғұрыптық ас беріп, әр уақыт мінажат етіп, әрі оларды ас-сумен қамтамасыз етіп отырғандығын болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі археологиялық мәліметтер негізінде қаңлылардың катакомбалық қабірлері тек жерлеу орны ретінде емес оның культтік нысан ретінде де қолданылғандығын айтауға болады (2-сур.).

Қорытынды

Ата-баба культінің нақты қай кезеңде пайда болғандығы белгісіз болса да тарихы тереңде екендігі күмән туғызбайды. Түбінде бұл культтің түп тамыры



2-сур. Бөріжар қорымы. № 27 катакомбалық қабірдің ішкі кеңестігінің көрінісі
Fig. 2. Borizhar burial ground. Catacomb burial nr. 27, general view
Рис. 2. Могильник Боржар. Катакомбное захоронение № 27, общий вид

адам баласының санасында қайтыс болу, жерлеу және рухтың мәңгілігі туралы түсініктің қалыптасу кезеңіне барып тірелсе керек. Еуразия даласында өмір сүрген сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар және т.б. тайпалар қайтыс болғандардың рухына тағзым етіп олардан пана сұраған. Олар жатқан қорымды кие тұтып қастерлеген. Бұған сақ патшасының парсы патшасына «сендер біздермен соғысуға құмартып тұрсаңдар, онда сендер біздің ата-бабаларымыздың осы даладағы қорымдарын тауып, тым болмаса біреуін қиратып көріңдер. Сонда сендерге шайқастың қандай екенін көрсетіміз» деп қайтарған жауабы дәлел болса керек. Бұл діни наным сенімдердегі сабақтастықты қазіргі Қазақтар арасындағы «өлі риза болмай, тірі байымайды» сөзі дәлелдей түсетін сияқты.

Мақала барысында келтірілген деректерден қаңлылардың жылдың белгілі кездерінде қорымға жиналып ата – баба аруағына арнап ас бергендігі байқалады. 2023 жылы Келес ауданы, Ғани Мұратбаев ауылы маңында орналасқан Мыңтөбе қорымда қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде № 8 обадағы катакомбалық қабірдің дромосынан ірі қара малдың жақ сүйегі табылған болатын. Бұл сүйек аруақтарды еске алу рәсімі кезінде аталарына сыбаға ретінде дромосқа салынған болса керек. Жалпы тарихи жазбалардағы мәліметтерді археологиялық деректер де айғақтай түседі. Қазіргі қолда бар материалдар қаңлы қорымдарында ата-баба аруағын еске алатын арнайы культтік орын салынбаған деуге итермелейді. Дегенмен катакомбалық қабірлердің әр кезде кіріп шығуға ыңғайлы жағы катакомбалардың жерлеу орнынан бөлек культтік нысан қызметін атқарғандығын болжауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы: Баур, 2005. 224 с.

Білəлова Г.Д., Ярыгин С.А., Минарди М., Бонора Ж.Л. Археологиялық терминдердің мультилигвистикалық сөздігі (қазақ, орыс, ағылшын, итальян). Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014. 383 б.

Гаркавец А.Н. (құрастырған). Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы // Ертедегі грек авторлары Ұлы Дала туралы. М. Ілес, Ә. Шашаев (аударған). I-том. Астана: «Фолиант» баспасы, 2007. 464 б.

Жетібаев К.М., Сиздиков Б.С., Гурсой М. Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2020. № 3 (66). б. 409–418.

Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского Междуречья. Петропавловск: 1993. 244 с.

Корнеева Ю.С. О происхождении и сементике погребальных масок Таштыкской Культуры//Альманах современной науки и образования. Тамбов: Грамота, 2009. №1 (20): в II-х ч. Ч. II. С. 95–99.

Қозыбаев М. (Ред.). Қазақстан тарихы. 1-том. Алматы: Аламұра, 1996. 544 б.

Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын баспасы, 1994. 400 б.

Ольховский В.С., Галкин Л.Л. Культовый комплекс на Устюрте (предварительное сообщение) // Советская Археология № 4. 1990. С. 196–206.

Оңғарұлы А. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 252 б.

Омаров Ғ. Алтай – Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы). Тарих ғылымдарының кандитаы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: 07.00.06 – археология. Алматы: 2010.

Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в. до.н.э. – VI в. н.э. Туркестан: Издательский центр МКТУ им. Х.А. Ясауи, 2000. 201 с.

Самашев З., Әбу А. Археологиялық сөздік. Алматы: 2007. 400 с.

Самашев З., Ольховский В.С. Стелы Дыкылтас (Западный Казахстан) // Вопросы археологии Западного Казахстана. 1996. Вып I. С. 218–132.

Самашев З.С., Оңғар А.,Шәйкен Ж., Қиясбек Ғ.Қ., Жетпісбай Н.Ы., Оралбай Е.Қ. Сарматтардың үстірттегі ғұрыптық ескерткіштерін зерттеу мәселесіне (Қызылүйік ғибадатханасы) // Қадырбаев оқулары – 2007. Ақтөбе: ПринтА, 2007. С. 120–126.

Торгоев А.И., Ержигитова А.А. Генезис и вопросы хронологии погребальных сооружений Кангюя II в . до. н.э. – IV в н.э. // Археология и история Кангюйского государства. С.А. Яценко (ред.). Шымкент: Типография «Әлем», 2020. 216 с.

Akyurt M. M.Ö. İkinci binde Anadolu'da ölü gömme adetleri. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. 243 s.

Akçay T. Yunan ve Romada Ölü Kültü. Bilgin Kültür Sanat Yayınları. Ankara: 2017. 218 s.

Bonogofsk C. Neolitik Kafatası Kültü // Aktüel Arkeoloji. Ölüm, ölümün tarih öncesi ve ötesi. 2018. p. 28–36.

REFERENCES

Baipakov, K. M., Smagulov, E. A., Erzhigitova, A. A. 2005. *Rannesrednevekovye nekropolii Yuzhnogo Kazakhstana (Early medieval necropolises of southern Kazakhstan)*. Almaty: "Baur" Publ. (in Russian).

Bilalova, G. D., Yarygin, S. A., Minardi, M., Bonora, J.-L. 2014. *Arheologiyalyk terminderdin multilingvistikalyk sozdigi (qazaq, orıs, agylshyn, italyan) (Multilingual dictionary of archaeological terms (Kazakh, Russian, English, Italian))*. Astana: Gumilyov Eurasian National University (in Kazakh, Russian, English, Italian).

Garkavets, A. N. (compl.). 2007. In: Iles, M., Shashaev, A. (transl.). *Egelgi duniedegi jane vizantialyq derekkozderindegi Uly Dala tarikhy (History of the Great Steppe in the ancient world and Byzantine Monuments)*. Astana: "Foliant" Publ. (in Kazakh).

Zhetibaev, K. M., Sizdikov, B. S., Gursoy, M. 2020. In: *Abai atyndagy qazaq ulttyq pedagogikalik universiteti khabarshysy "Tarih zhane sayasi-əleumettik gylymdar" seriyasy (Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University "Historical and social-political sciences")*, 3(66), 409–418 (in Kazakh).

Zaibert, V. F. 1993. *Eneolit Uralo-Irtyshskogo Mezhurechya (Eneolithic of the Ural-Irtysh Interfluve)*. Petropavlovsk (in Russian).

Korneeva, Y. S. 2009. In: *Almanah sovremennoi nauki i obrazovaniya (Almanac of modern science and education)*. 1 (20), 95–99 (in Russian)

Kozybaev, M. (ed.). 1996. *Kazakhstan tarihy (History of Kazakhstan)*. Vol. 1. Almaty: “Alamura” Publ. (in Kazakh).
Myngzhan, N. 1994. *Qazaqtyn qısqa tarihy (Brief history of Kazakhstan)*. Almaty: “Zhalyn” Publ. (in Kazakh).
Olkhovskiy, V. S., Galkin, L. L. 1990. In: *Sovetskaya Arkheologiya (Soviet Archaeology)*, 4, 196–206 (in Russian).
Akyurt, M. M. Ö. 1998. *İkinci binde Anadolu’da ölü gömme adetleri (Burial customs in Anatolia in the 2nd Millennium BC)*. Ankara: “Türk Tarih Kurumu” Publ. (in Turkish).
Akçay, T. 2017. *Yunan ve Romada Ölü Kültü (Funeral cult in Greece and Rome)*. *Bilgin Kültür Sanat Yayınları*. Ankara (in Turkish).
Bonogofsk, C. 2018. In: *Aktüel Arkeoloji. Ölüm, ölümün tarih öncesi ve ötesi (Current Archaeology. Death, the prehistory of death and beyond)*, 28–36 (in Turkish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.